**1.1.** «Кристалл Менеджмент» АҚ инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға ішкі бақылау ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарына және инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тәртібін белгілеуге, өзгертуге және тоқтатуға, оның құпиялышының қорғауға және Заң талаптарының сақталуын бақылауға байланысты қатынастарды реттеу үшін Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

**1.2.** Ережелер инсайдерлік ақпаратты пайдалануды реттеуге бағытталған және келесілерді қамтиды:

- инсайдерлік ақпарат пен инсайдер анықтамасы;
- инсайдерлік ақпарат тізбесі;
- инсайдерлік ақпаратты ұсыну тәртібі;
- инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімдері;
- инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу тәртібі;
- инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау ережелері;
- Заң талаптарының сақталуын бақылау;
- «Кристалл Менеджмент» АҚ инсайдерлік ақпаратты басқаруға және пайдалануға бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзге де ережелер.

## **2. АНЫҚТАМАЛАР**

Осы Ережелердің мақсаттары үшін мынадай анықтамалар қолданылады:

**2.1. Инсайдерлік ақпарат** – бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат.

**2.2. Инсайдер** – инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлға.

**2.3. Корпоративтік оқиғалар** – Қоғам қызметіне елеулі әсер ететін, бағалы қағаздарды ұстаушылар мен Қоғам инвесторларының Заңының 102-бабының 5-тармағында айқындалған мүдделерін қозғайтын оқиғалар.

**2.4. Қоғам/Эмитент** – «Кристалл Менеджмент» акционерлік қоғамы;

**2.5. Қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын үйім** - Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржылық есептілік депозитарийін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға уәкілеттік берген «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы.

**2.6. Бағдарламалық жасақтама** – қаржылық есептілік депозитарийін жүргізуді жүзеге асыратын үйім әзірлеген және шаблондар түрінде бағдарламалық қамтамасыз етуде ұсынылған есептілік пен ақпараттың әр түрлі нысандарын дайындауға арналған «Есептілікті тапсырудың бірынғай жүйесі (ЕТБЖ)» бағдарламалық жасақтамасы.

**2.7. Инсайдерлер тізбесі** – Қоғам жүргізетін Қоғамның инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар тұлғалардың тізбесі.

**2.8. Уәкілетті орган** – Қазақстан Республикасында қаржы нарығы мен қаржы қызметтерін бақылауды, қадағалауды және реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

**2.9. Электрондық есеп** – куәландыруши орталық берген электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылатын, қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында көрсетілген ақпаратпен жылдық және (немесе) тоқсан сайынғы қаржылық есептілік нысандары бар бағдарламалық қамтамасыз етудің толтырылған тиісті үлгісі.

**2.10.. Қор биржасы** – Қоғамның акциялары айналыста болатын занды тұлға.

## **3. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТ ТІЗБЕСІ**

**3.1.** Қоғамның Инсайдерлік ақпаратының тізбесі осы Ережеге № 1 Қосымшада анықталған.

Қоғамның қызметіне қатысты, жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпарат, егер бұл ақпарат Қоғамның мүліктік және қаржылық жағдайы үшін салдарға байланысты Қоғам шығарған (ұсынған) бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына әсер етуге қабілетті болса, оның ресми ашылу (жариялау) сәтіне дейін Инсайдерлік ақпаратқа жатады. Қоғамның қызметі туралы жалпыға қол жетімді ақпарат деп оған қол жеткізу үшін шектеулерді талап етпейтін және шектеулері жоқ немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ашуға жататын ақпарат түсініледі.

### 3.2. Инсайдерлік ақпаратқа жатпайды:

- 1) инвестициялық шешімдер қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар әзірлеу мақсатында жасалған бағалы қағаз (туынды қаржы құралы) құнына, Қоғамның мүліктік жағдайына қатысты зерттеуді, болжауды және бағалауды қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтер негізінде әзірленген ақпарат;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
- 3) дерек көзі беймәлім, қалың қауымға таралатын, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарланған қызметіне қатысты болжамдар.

## 4. ҚОҒАМ ИНСАЙДЕРЛЕРІ

### 4.1. Мына адамдар Қоғамның инсайдерлері болып танылады:

- 1) өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Қоғам қызметкерлері;
- 2) Қоғамның дауыс беретін акцияларының он немесе одан көп пайзызын тікелей немесе жанама иеленуіне, пайдалануына және (немесе) оларға билік етуіне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар адамдар;
- 3) аудиторлық ұйым, бағалаушы, бағалы қағаздаррында көсіби қатысушылар және талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашып көрсету көзделіп жасалған (оның ішінде ауызша) шартқа сәйкес Қоғамға қызметтер көрсететін басқа да адамдар;
- 4) Қоғам шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) оның тізіміне енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушы;
- 5) сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздарымен және өзге де қаржы құралдарымен мәмілелер жасалатын Қоғамның директорлар кеңесінің және Қор биржасы листинг комиссиясының мүшелері;
- 6) өздеріне берілген функциялар мен өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар Үәкілді органның, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, мемлекеттік қызметшілер;
- 7) мүшелері Қоғам болып табылатын қоғамдық бірлестіктер мен кәсіптік ұйымдар және осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттіктерге қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар ұйымдар;
- 8) осы тармақтың 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділігі бар қызметкерлері;
- 9) осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында аталған адамдардан инсайдерлік ақпаратты алған адамдар.

### 4.2. Ережелердің 4.1-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында аталған занды тұлғалар:

- 1) осы занды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлерінің тізімін жүргізу;
- 2) осы занды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған, инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бөлігінде Заңның және ішкі бақылау ережелерінің талаптары туралы өз қызметкерлеріне хабарлауға;
- 3) осы занды тұлғалар оларға қатысты инсайдерлер деп танылған эмитенттерді өзінің қызметтік жағдайына және еңбек міндеттеріне қарай эмитенттердің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар өз қызметкерлері туралы ішкі бақылау ережелерінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарлауға міндетті.

**4.3.** Ереженің 4.1-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар Қоғамға қызмет жағдайы мен еңбек міндеттеріне байланысты Қоғамның Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуге ие олардың қызметкерлері туралы ақпаратты осы заңды тұлғалардың ішкі құжаттарында белгіленген мерзімде және тәртіппен ұсынады.

**4.4.** Қоғамның Бас директоры бұйрықтың негізінде міндеттеріне Қоғамның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және Ережелердің талаптарын сактауын бақылауды жүзеге асыру кіретін лауазымды тұлғаны анықтайды, сондай-ақ міндеттеріне Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті жағдайда ұстau кіретін Қоғам қызметкерін анықтайды.

**4.5.** Қоғам Инсайдерлер тізімін осы талапта көрсетілген мерзімде оның талабы бойынша Уәкілетті органға ұсынады.

## **5. АҚПАРATTЫ/ХАБАРЛАМАНЫ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ**

**5.1.** Инсайдерлер тізіміне өзгерістер енгізу Инсайдерлер тізіміне (тізімінен) тұлғаларды енгізу (шығару) қажеттілігін растайтын ақпарат пайда болған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізледі.

**5.2.** Инсайдерлер тізіміне (тізімінен) енгізілген (шығарылған) тұлғаларды хабардар ету:

- Инсайдерлер тізіміне өзгерістер енгізілген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде, кез келген қолжетімді тәсілмен (ауызша және (немесе) жазбаша), немесе
- Құпиялыштық туралы келісімге қол қойылған күні (Құпиялыштық туралы Келісімнің қолданысын тоқтату) жүзеге асырылады.

Қоғам хабарландырылған кезде Инсайдерлердің назарын Заңның 56-1-бабында көзделген шектеулер туралы, сондай-ақ Ережелердің талаптарын орындау жөніндегі міндеттер туралы аударады.

**5.3.** Алынған ақпарат негізінде міндеттеріне Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті жағдайда ұстau кіретін Қоғам қызметкері:

1) Қоғамның Инсайдерлерінің тізімін қалыптастырады, оны өзектендіруді уақтылы жүзеге асырады;

2) есепті жылдың 31 қантарынан, 30 сәуірінен, 31 шілдесінен және 31 қазанынан кешіктірмей Қоғамның Бас директорының немесе оны алмастыратын тұлғаның есепті жылдың 1 қантарындағы, 1 сәуіріндегі, 1 шілдедегі және 1 қазандағы жағдай бойынша тиісінше Қоғамның Инсайдерлерінің тізімін бекітуін қамтамасыз етеді.

**5.4.** Қоғам Инсайдерлер тізімін осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес жүргізеді және өзекті жағдайда қолдайды.

## **6. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРATTЫ АШУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ**

**6.1.** Қоғам Инсайдерлік ақпаратты ашуды Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қор биржасының ішкі құжаттарында, осы Ережеде және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарында белгіленген тәртіpte, шарттарда және мерзімде жүзеге асырады.

**6.2.** Қоғам Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және Ережеде белгіленген тәртіппен және шарттарда қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қор биржасының интернет-ресурсында Инсайдерлік ақпаратты ашуды жүзеге асырады.

**6.3.** Егер Қоғам Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпараттың қажетті құпиялыштық дәрежесі сақтала алмайды немесе осы ақпараттың құпиялыштығын бұзуға жол берілуі мүмкін деп есептесе, Қоғам оны ашу жөнінде шаралар қабылдайды. Мұндай ақпарат осы тармақта сипатталған жағдай туындаған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ашылады.

**6.4.** Заңның 102-бабының 2-тармағына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында Қоғамның ашуға жататын ақпараттар мен құжаттар тізбесіне кірмейтін не ақпаратқа жатпайтын инсайдерлік ақпарат,

оған қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен оны ашу тәртібі мен мерзімдері белгіленген, Қоғам Инсайдерлік ақпаратқа қатысты көрсетілген ақпараттың

қажетті құпиялыштың дәрежесі сақтала алмайды немесе осы ақпараттың құпиялыштың бұзуга жол беріледі деп есептейтін күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қоғам ашуға тиіс.

## 7. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ ПАЙДАЛАNUҒА ТЫЙЫМ САЛУ

7.1. Инсайдерлердің құқығы жоқ:

- 1) бағалы қағаздармен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасау кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалану;
- 2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді ету;
- 3) үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдар немесе ұсыныстар беру.

## 8. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТҚА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ

8.1. Қоғамның Инсайдерлерінің Қоғамның белгілі бір Инсайдерлік ақпаратына қол жеткізуі олармен жасалған еңбек және (немесе) азаматтық-құқықтық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

8.2. Қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті көлемде Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізе алады.

8.3. Занды және жеке тұлғалармен өзара қарым-қатынастарда Қоғам осындай тұлғаларға беретін Инсайдерлік ақпараттың құпиялыштың сақтау қажет болған жағдайда құпиялыштың туралы келісім (шарт) жасалады.

8.4. Қоғамның Инсайдерлері болып табылмайтын тұлғаларға белгілі бір Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу нақты ақпаратты алу қажеттілігінің негізdemесін, көрсетілген ақпараттың техникалық құралдарын қолдана отырып көшіру қажеттілігін, сондай-ақ үшінші тұлғаларға ашу жоспарланған үшінші тұлғаларды көрсете отырып, ақпаратты ашу қажеттілігін көрсете отырып, өтініш негізінде ресімделеді. Өтінішті қарau қорытындылары бойынша оны алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей Қоғамның Бас директоры адамды өзі сұратқан ақпаратқа жіберу немесе жіберуден бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы өтінішті жіберген тұлға хабардар етіледі.

8.5. Инсайдерлік ақпарат иелері өздері алған Инсайдерлік ақпаратты тек қана оның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру үшін Қоғамның мұддесінде адаптация орында пайдалануға және оны пайдалануға Қоғамның, оның акционерлерінің және инвесторларының мұдделеріне нұқсан келтірмеуге міндетті.

## 9. ИНСАЙДЕРЛІК АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

9.1. Қоғамның Инсайдерлік ақпаратын қорғау мақсатында:

- Инсайдерлік ақпаратқа қатысты ақпарат тізімін анықтайтын;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу берілген тұлғалардың және (немесе) осындай ақпарат ұсынылған немесе берілген тұлғалардың есебін жүргізеді;
- азаматтық-құқықтық шарттар негізінде еңбек шарттары және контрагенттер негізінде Қоғам қызметкерлерінің Инсайдерлік ақпаратты пайдалануы бойынша қатынастарды реттейді;
- Заң талаптарын, оған сәйкес қабылданған нормативтік-құқықтық актілерді және осы Ережелерді бұза отырып, Инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруді болдырмау бойынша шараларды ұйымдастырады;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жетімділікті шектейді;
- өзінің еңбек міндеттерін орындау үшін Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу қажет қызметкерді осы Ережелермен таныстырады.

9.2. Инсайдерлік ақпаратты қорғау мақсатында Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты бар тұлғалар, сондай-ақ Ережелердің 8.4-т. сәйкес Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізген тұлғалар міндетті:

- Инсайдерлік ақпарат және осы Ережелер бойынша Қазақстан Республикасы

- заннамасының талаптарын орындау;
- Қоғам және олар шығарған (берген) бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) туралы Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен шарттарын, оның ішінде Ережелермен айқындалғандарын, сактау;
- Инсайдерлік ақпаратқа рұқсаты жоқ тұлғалар бар жерде Инсайдерлік ақпаратқа қатысты талқылаулар жүргізбеуі тиіс;
- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары шенберінде Инсайдерлік ақпаратты ресми ашу (жариялау) сәтіне дейін оның құпиялыштың сактауды қамтамасыз ету;
- Инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар тұлға мәртебесін жоғалтқан жағдайда Қоғамға Инсайдерлік ақпараты бар оның иелігіндегі ақпарат тасымалдағыштарды беру;
- Инсайдерлік ақпараты бар құжаттардың, файлдардың, сейфтердің (қоймалардың) кілттерінің, рұқсаттамалардың, парольдердің жоғалғаны немесе жетіспегені туралы немесе Инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу анықталған кезде және т. б. өзінің тікелей басшысына немесе оны алмастыратын адамға дереу хабарлау;
- қызметтік міндеттерін орындау тоқтатылған жағдайда Инсайдерлік ақпараттың құпиялыштың сактау туралы талаптарды сактауды жалғастыру - олар алған мәліметтер Инсайдерлік ақпарат болып табылуын тоқтатқан сәтке дейін.

## **10. ИШКІ БАҚЫЛАУ**

### **10.1. Бақылау жүйесі қамтиды:**

- Инсайдерлік ақпаратты анықтау;
- Инсайдерлік ақпарат тізбесінің толықтығы мен өзектілігін бақылау;
- Инсайдерлер операцияларын бақылауды қоса алғанда, Инсайдерлік ақпаратты пайдаланудың зандыштың бақылау;
- Инсайдерлік ақпаратты қорғауға (құпиялыштықты қамтамасыз етуге) бағытталған шаралардың сакталуын бақылау;
- Инсайдерлер тізімін жүргізуді, Инсайдерлерді Тізімге(-нен) енгізуді(алып тастауды) және оларды осындағы қосу (алып тастау) туралы хабардар етуді бақылау;
- Инсайдерлік ақпаратты қорғауға (құпиялыштықты қамтамасыз етуге) бағытталған шаралардың сакталуын бақылау;
- Үәкілетті органға Инсайдерлер тізімін жіберу бойынша міндеттердің орындалуын бақылау.

### **10.2. Қоғам қызметкерлері Қоғамның тікелей басшысы мен Заң департаментінің басшысына өздеріне белгілі болған кез келген фактілерді жазбаша түрде жеткізуге міндетті:**

- Қоғамның лауазымдық міндеттеріне сәйкес ашуға жатпайтын, бірақ оларға белгілі болған, соның ішінде Қоғам клиенттерінен немесе басқа тұлғалардан Қоғамның инсайдерлік ақпараты туралы;
- Қоғам қызметкерлерінің, Қоғам инсайдерлерінің және олардың туыстарының, Қоғамның Инсайдерлік ақпаратының, Қоғамның клиенттері мен серіктестерінің заңсыз пайдалануы туралы.

## **11. ЖАУАПКЕРШІЛК**

### **11.1. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған кез келген тұлға Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес жауапты болады.**

### **11.2. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған, көрінеу жалған мәліметтер таратқан кез келген тұлға Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланғаны және (немесе) нарықты айлашарғы жасағаны үшін, егер аталған тұлға мұндағы ақпараттың Инсайдерлік ақпарат болып табылатынын білмese немесе білмеуі тиіс болса, ал жалпы мәліметтер көрінеу жалған болса жауапты болмайды.**

### **11.3. Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған, осы Ережелерді бұзған Қоғам қызметкерлеріне тәртіптік жазалау шаралары, тіпті жұмыстан шығаруға дейін қолданылуы мүмкін, оларды қолдану туралы шешім Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасында және**

Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен қабылданады.

**11.4.** Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларына сәйкес осы Ережелерді бұзған адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін (санкциялар ретінде айыппұл салу түріндегі жаза көзделген).

**11.5.** Инсайдерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасын Инсайдерлік ақпарат және осы Ережелер бөлігінде бұзушылықтары анықталған кезде Қоғамда мынадай шаралар қолданылуы мүмкін (мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмейді):

- 1) осы Ережелердің сакталуын бақылауды қүшету;
- 2) кінәлі тұлғаларды немесе Инсайдерлік ақпараттың жария болу көзін анықтау мақсатында қызметтік тергеу жүргізу;
- 3) Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған мәмілені тану мақсатында уәкілетті органға талаптарды бұза отырып жасалған қоғамның акцияларымен мәміле туралы ақпаратты жіберу;
- 4) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылуы мүмкін жағдайларда тәртіптік жазалау шаралары;
- 5) Қоғамның Инсайдерінің іс-әрекеттерімен Қоғамға келтірілген материалдық залалды және/немесе іскерлік беделге зиянды өтеу жөніндегі шаралар;
- 6) Өзге де жол берілетін шаралар.

## **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**12.1.** Осы Ережелердің талаптарын Қоғамның барлық Инсайдерлері, сондай-ақ Қоғам қызметкерлері орындауга тиіс.

**12.2.** Инсайдерлік ақпарат ашылғаннан кейін Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде және Ережелерде белгіленген тәртіппен және шарттарда Инсайдерлік ақпарат болуын тоқтатады. Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілерінің өзгеруі нәтижесінде осы Ережелердің жекелеген тармақтары оған қайшы келсе, бұл тармақтар күшін жояды. Осы Ережелерге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қоғам қызметкерлері және осы Ережеде көрсетілген өзге де тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

«Кристалл Менеджмент» АҚ-ның  
Инсайдерлік ақпаратына иелік етуі өткізу және  
пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне  
№1 Қосымша

**«Кристалл Менеджмент» АҚ  
Инсайдерлік ақпаратының тізімі**

**Инсайдерлік ақпаратқа келесілер жатады (бекітілген тәртіппен ашқанға дейін):**

- 1) Қоғамның атқарушы органының жыл қорытындысы бойынша осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейінгі сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпарат;
- 2) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігінің, Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің және олардың аудиторлық есептерінің жобалары, Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі, Қоғамның шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі және олардағы ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейінгі аудиторлық есептер;
- 3) Қоғамның аралық (тоқсандық, жарты жылдық) қаржылық есептілігінің, Қоғамның аралық (тоқсандық, жарты жылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігінің және олардың аудиторлық есептерінің жобалары, Қоғамның аралық (тоқсандық, жарты жылдық) қаржылық есептілігі, Қоғамның аралық (тоқсандық, жарты жылдық) шоғырландырылған қаржылық есептілігі және олардағы ақпарат жалпыға қол жетімді болатын сәтке дейінгі олардың аудиторлық есептері;
- 4) Қоғамның бұрын ашылған қаржылық есептілігінде қателерді анықтау туралы ақпарат, егер мұндай қателер Қоғам акцияларының бағасына әсер етуі мүмкін болса, осы ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейін;
- 5) Қоғамның негізгі құралдарына жүргізілген қайта бағалау нәтижелері туралы ақпарат, осы ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейін;
- 6) үәкілетті органның Қоғамның акциялар шығарылымын осы ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін жоюы туралы ақпарат;
- 7) Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы шешімдерінің жобалары туралы, сондай-ақ Қоғам акционерлерінің жалпы жиналышы қабылдаған шешімдер туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейін;
- 8) Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органын сайлауга қатысты Қоғамның тиісті органдары шешімдерінің жобалары, Қоғамның директорлар кеңесі мен атқарушы органының құрамындағы өзгерістер туралы, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органын құрамындағы өзгерістер туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін;
- 9) Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің жобалары туралы, сондай-ақ Қоғамның директорлар Кеңесі қабылдаған шешімдер туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейін;
- 10) бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін ірі мәмілелер мен мәмілелерді жасасу және (немесе) жүзеге асыру жөніндегі жоспарлар туралы ақпарат: Қоғамның үәкілетті органы осындай мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдаған күнгі күны Қоғам активтерінің жалпы баланстық күны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті сатып алуға немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелер болып табылады, бұл ақпарат жалпыға қол жетімді болған сәтке дейін;
- 11) Қоғамның бағалы қағаздарын және (немесе) өзге де ақшалай міндеттемелерін Қоғамның жай акцияларына осы ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін айырбастау туралы ақпарат;
- 12) Қоғамның орналастырылған акцияларының бір түрін Қоғамның басқа турдегі акцияларына осы ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін айырбастау туралы ақпарат;
- 13) Қоғамның әрбір осындай ұйым акцияларының (үлестерінің, пайларының) он және одан да көп процентіне ие ұйымдардың тізіміне өзгерістер енгізу жөніндегі жоспарлар туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін;
- 14) Қоғамды мәжбүрлеп таратуға немесе қайта ұйымдастыруға, сондай-ақ оның еншілес және бірлесіп бақыланатын ұйымдарын мәжбүрлеп таратуға немесе қайта ұйымдастыруға қатысты сот шешімі туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін;

- 15) Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомага Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру, сондай-ақ Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын сомага Қоғам мүлкін кепілге (қайта кепілге) алу (қайта кепілге қою) туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын кезге дейін;
- 16) құны Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкіне тыйым салу (мүлікке тыйым салудан алу) туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін;
- 17) Қоғамның Қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан да көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алуы туралы, сондай-ақ осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін осы қарыз бойынша негізгі борышты және есептелген сыйақыны толық өтеу туралы ақпарат;
- 18) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын Қоғамның мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың басталғаны туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін;
- 19) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін;
- 20) Қоғамның бірінші санаттағы рұқсаттарды алыу (тоқтатуы, тоқтата тұруы) туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болған сәтке дейін;
- 21) Қоғам дамуының стратегиялық бағыттары туралы ақпарат осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін;
- 22) бұл ақпарат жалпыға қол жетімді болғанға дейін перспективалық жобалар туралы ақпарат;
- 23) болашақта осы ақпарат жалпыға қолжетімді болатын сәтке дейін жасалуы жоспарланған перспективалық келісімдер (меморандумдар) туралы мәліметтер;
- 24) Қоғамның акциялары, олармен жасалған мәмілелер туралы, Қоғам туралы, коммерциялық құпияны құрайтын оның жүзеге асыратын қызметі туралы басқа да шынайы ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға белгісіз, ашылуы Қоғам акциялары құнының өзгеруіне және Қоғам қызметіне әсер етуі мүмкін басқа да ақпарат.

«Кристалл Менеджмент» АҚ-ның  
Инсайдерлік ақпаратына иелік етуді және  
пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне  
№2 Қосымша

**«Кристалл Менеджмент» АҚ Инсайдерлер тізімі**  
**20 жылғы жағдай бойынша**

p/p	Жеке тұлғаның аты-жөні (бар болған жағдайда)/ занды тұлғаның атауы	Тұған күні, лауазымы, ұйымның атауы/ занды тұлғаның орналасқан жері, мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың деректемелері	Инсайдерлер тізіміне қосу негізі	Инсайдерлер тізіміне енгізу үшін негіздің пайда болуы және күні	Инсайдерлер тізімінен шығарылған күн